

Жастар және ақпараттық сауаттылық: жалған ақпаратпен күрес – әр азаматтың міндеті

Автор: Инабат Бақытжанқызы

Қазіргі ақпараттық қоғамда жаңалықтар бұрынғыдан әлдеқайда жылдам таралады. Бір ғана оқиға бірнеше минуттың ішінде миллиондаған адамның назарына ілігуі мүмкін. Интернет пен әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдеткенімен, жалған ақпараттың да кең таралуына жол ашты. Сондықтан бүгінгі таңда ақпараттық сауаттылық – әрбір азамат үшін аса маңызды дағдыға айналды.

Ақпараттық сауаттылық дегеніміз – алынған мәліметті саралай білу, оның шынайылығын тексеру және сенімді дереккөздерді ажырата алу қабілеті. Өкінішке қарай, әлеуметтік желілерде таралатын әрбір ақпараттың рас екеніне кепілдік жоқ. Кейде тексерілмеген хабарламалар қоғамда дүрбелең туғызып, адамдарды жаңылыстыруы мүмкін. Мұндай жағдайда әр адам ақпаратты бөліспес бұрын оның қайдан алынғанын анықтауы қажет.

Жастар – интернетті ең белсенді пайдаланушылардың бірі. Олар күн сайын ондаған жаңалық оқып, түрлі пікірлермен танысады. Сол себепті жастардың медиасауаттылық деңгейін арттыру – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Бұл ретте журналистердің жауапкершілігі ерекше. Кәсіби журналист ақпаратты бірнеше дереккөз арқылы тексеріп, нақты дәлелдерге сүйене отырып жариялайды. Журналистің басты қағидалары – адалдық, объективтілік және қоғам алдындағы жауапкершілік.

Қорытындылай келе, ақпараттық сауаттылық – заман талабы. Әрбір азамат, әсіресе жастар, кез келген ақпаратқа сын көзбен қарап, тек сенімді дереккөздерге сүйенуі тиіс. Болашақ журналист ретінде мен қоғамға тек шынайы әрі пайдалы ақпарат жеткізуге ұмтыламын.